

ҚАРАЛДЫ

Әдістемелік кеңестің
отырысы

Хаттама № _____

«01» 09 2024 г.

Әдістемелік кеңестің жетекшісі

Сәт М.К. Сарина

КЕЛІСІЛДІ

Бөбекжай әдіскері

Гүл Г.Ж. Ермакбаева

«01» 09 2024 г.

БЕКІТЕМІН

«Балбөбе» «бөбекжайы» КМҚК

менің ерушісі Гүл К.Д. Бактыбаева

«01» 09 2024 г.



Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалар үшін тәрбие мен оқытудың

жеке жұмыс бағдарламасы

«Жұлдызай» мектепалды топ, 5 жастағы балалар

2024 - 2025 оқу жылы.

Мақсаты: ауызша байланыстырып сөйлеуді және балалардың шығармашылық белсенділігін дамыту, фонетикалық есту мен толыққанды айту дағдыларын дамыту, оқудағы қарапайым дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

- ауызша коммуникацияның лексико-грамматикалық құралдарын белсендендіру;
- қоршаған орта адамдарымен еркін қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;
- түрлі іс-әрекетте ауызша байланыстырып сөйлеуді дамыту (диалогтік және монологтік);
- дұрыс дыбыс айтуды қалыптастыру;
- фонетикалық-фонематикалық түсініктерді қалыптастыру;
- қолдарды жазуға даярлау;
- түрлі тұрмыстық жағдайларда қарым-қатынас және жүріс-тұрыс мәдениетін тәрбиелеу;
- коммуникативті, ойын және түрлі іс-әрекет барысында шығармашылық белсенділікті, дербестікті, ұйымдастырушылық әрекетті дамыту.

Бағдарлама мазмұны
(мектепалды тобы 5 жастағы балалар)

Мерзімі	Арнайы түзетуші іс - әрекет	Арнайы түзетуші іс – әрекетінде қолданылатын ойын түрлері
Коммуникативтік дағдыларды дамыту (аптасына 4 рет) Сөйлеуді дамыту (аптасына 2 рет)	Арнайы түзетуші іс – әрекеттің міндеттері Импресивті және экспрессивті сөйлеуді әрі қарай дамыту: қоршаған ортадағы түрлі заттарды сипаттау үшін қажетті заттардың атауын, әрекетін, сипаттамасын қолдана алуды дамыту; антонимдер, синонимдер, заттардың топталуы бойынша жалпылама сөздерді қолдану және түсіне алуды үйрету; лексикалық тақырыптар бойынша белсендікті сөздікті кеңейту, молайту және жалпылау; балаларды барлық сөз таптарын қолдануға ынталандыру; арнайы сөздер –терминдерді қолдануды және түсіне алуды үйрету, мысалы: «қайта айту», «сөйлем»; белгілі бір затқа сипаттамалар мен әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды тандай алу икеміне үйрету. Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді дамыту: сипаттама әнгімелеуді, заттарды салыстыру әнгімелеуді сюжетті сурет бойынша әнгімелеуді құрастыру және қайта айтуды, оқылған мәтінді қайта айтуға оқыту; әнгімелі үлгі бойынша, жоспар бойынша, орындалған сурет құрастыруға үйрету; сызбаға сүйене отыра байланыстырылған, бірізді монологтік сөз айтуды құруға оқыту; кейпкердің эмоционалдық күйін көрсете отыра, рөл бойынша оқылған шығарманың сюжетін ойнап бере алуды дамыту; ересек адамның көмегімен әнгімелің жалғасын және соңының ойдан құрастыра алуға үйрету, қарапайым жайылма сөйлемдерді құрастыруға жаттығу; тәуелдік жалғаулы есімдіктерді қолдануды үйретуді дамыту; түрлі материалдар, өсімдіктер, азық-түлікке сәйкестендіру мағынасымен қатыстық сын есімдерді жасай алу икеміне оқыту; «үстінде», «астында», «ішінде», «одан», «оған», «сонымен» шылауларын зат есіммен қоса қолдану дағдыларын бекіту; сөйлемді бірыңғай мүшелермен жазуды қалыптастыру, сөйлемде жекеше және көпше түрдегі, септіктегі сөздерді келістіре алуды бекіту; етістіктерді қосымшалармен құрастыру білігіне үйрету; дауыс ырғағы бойынша сөйлемдерді ажырата алуға үйрету: сұрау, лепті, хабарлау дауыс ырғақтары;	«Бұне?», «Көңілді доп», «Не немен коректенеді?», «Мекенін тап», «Не жасырылғанын тап?» «Не үшін керек?», «Менімен қайтала», «Жыл мезгілдері»

	көпше түрдегі зат есімнің ілік септігінде дұрыс колданылуын бекіту. Коммуникативтік дағдыларды дамыту: 3-4 сөзден тұратын сұрақтар бойынша диалогтік қарым-қатынасты дамыту; сөз сөйлеуді өз мағынасы және логикалық ектіңі бар, сөйлеу бөліктеріне бөледі дамыту; сөйлеу ағымында сұрау дауыс ырғағын ажырата алу, сөйлеу кезінде сұрау сөздерін қолдана алу, сөйлеу.	«Қайсысы ұзын-қысқа», «Аңдар не жейді?», «Не қайда өмір сүреді?»
Жазу мен сауат ашу негіздері: аппасына I рет	Дыбыстың сөйлеу бірлігі ретінде түсінігін қалыптастыру: тілдік емес дыбыстарға назарын аудару, балаларда дыбысқа ерекше назарын аударуды қалыптастыру, дыбыстың шығып жатқан орнын анықтай алу ікемділігіне үйрету; дыбыстауы бойынша бір-біріне жақын және қарама-қарсы тілдік емес дыбыстарды салыстыра алуға үйрету. Дыбысқа еліктеу, музыкалық аспаптар, шикылдауыш ойыншықтарды қолданумен түрлі қаттылықтағы (қатты-ақырын), жоғарылықтағы (жоғары-төмен) дыбыстарды қабылдау кезіндегі есту зейінін дамыту; музыкалық аспаптарды қолдану арқылы «ұзын» және «қысқа», «қатты» және «ақырын дыбыстау» түсініктерін қалыптастыру, өйлеуге есту зейінін тәрбиелеу, есту зейініне, сөздің дыбыстық қатпарына есту зейінін дамыту, сөйлеу дыбыстарын тануға үйрету; дыбыстың нақты есту бейнесін қалыптастыру; бір сөзді қатты және ақырын айтуға болатыны жайлы түсінігін қалыптастыру, сөздер бірдей және әр түрлі айтылуы туралы түсініктерін қалыптастыру; дыбыстауы бойынша бірдей және әр түрлі «дос» сөздерді тандай алуға балаларды үйрету, балаларды дыбыстың мағына ажыратушылық қызметімен таныстыру; сөздер бір-бірінен бір-ақ дыбыспен айырмашылықта болатынын түсіндіру. Сөйлем құрылымын түсінуін қалыптастыру: сөйлемдегі сөздерді естуге ажыратуын, олардың санын және ретін анықтай алуын қалыптастыру; жеке сөздерді көрнекі бейнелейтін, көмекші орнын басушы құралдар ретінде – ұсақ текшелер, қолдана алуын үйрету. Ырғақ сезімін тәрбиелеу: музыканың орындалу сипатына сәйкес ырғақ қимылдарына оқыту, еліктеу бойынша қарапайым ырғақты қолмен шапалақтау. Екі-үш ырғақты белгі материалдан есту зейінін және есту есін дамыту (бес ырғақты белгіге дейін); ауызша нұсқау және үлгі бойынша ырғаққа баға беруге және жанғыртуға, қабылдауға үйрету, ұзын және қысқа паузалармен белінген, ерекше көрсетілмеген ырғақтық құрылымдарды бағалау және қабылдауға үйрету, және оларды ауызша нұсқау және үлгі бойынша жанғырту; балалар әндерінің ырғағын тықылдатып ойнау, ырғақтық және музыкалы-ырғақтық ойындарда ырғақ сезімін дамыту.	«Мен бастайын, сен жалғастыр..», «Бір сөзбен ата», «Сикырлы қорап», «Нүктелерді бастыр»

1 -жартыжылдық

	Сөздердің буындық бөлінуімен танысу. дауысты дыбыстарды белгілеу негізінде сөздердің буынға бөліну түсінігін балаларға үйрету; балаларды сөздердің буындық бөлінуіне, сөз ішінен буындарды белгілеуге, сөздердегі екпін белгісін қоюға, екпінді буынды табуға үйрету; балаларды «буын» терминімен және буынға бөлінудің графикалық жазбасымен таныстыру; бір буынды және екі буынды сөздерді ажырата алуға балаларды үйрету, балаларды қол шапалағымен, адымен сөздің созылыңқылығын (сөздің буындық құрамын) анықтау ікемділігіне үйрету; сөз жасам және сөз түрлендіруді қолдану негізінде сөздің дыбыстық қатарының өзгеруі оның созылыңқылығының (буындар саны) және мағынасының өзгеруіне әсер ететіні жайлы балалардың түсініктерін қалыптастыру; келесі реттегі алдымен ашық, кейіннен ашық және жабық буындардан құралатын, екі буынды сөздердегі ырғақтық сурет және екпінді буынды дұрыс айтумен сөздің дыбысты буындық құрылымын қалыптастыру: дауысты дыбысқа екпінмен [А], [У], [И], [О], [Ы]; бірге айтып және қолмен шапалақтап қарапайым сөздердің ырғағын жаңғырту және қабылдау; етістіктер жұбын айту кезінде 3-ші жақтың осы шақтағы жекеше түрдегі ашық рай формасындағы етістіктердің дыбыс буындық құрылымын жаңғыртуға үйрету. Бір, екі, үш буынды сөздердің ырғақты-буындық құрылымын тықылдату немесе адылдау, қолмен шапалақтау арқылы сөздерді бөліктерге бөлу кезінде арнайы дидактикалық ойындарды қолдану Фонематикалық қабылдауды дамыту: сөздегі дыбыстың болуын анықтай алу ікемділігін қалыптастыру; дыбысталуы бұзылмаған дыбыстарының, кейіннен түзету жұмысы жүргізілген дыбыстардың есту және есту айту дифференциациясын жүзеге асыра алуын қалыптастыру. Атауы нақты берілген материалды, ажыратылатын дыбыстарды кірістіретін заттық суреттерді бөле алуға үйрету. Фонематикалық талдаудың қарапайым формаларын дамыту: айтқаннан сөзді ерекше белгілеп, сонан соң сөзді буындарға бөлу, сосын-жеңіл айқындамадағы сөз аясында бір дыбысты ерекше ажырату арқылы қарапайым фонематикалық талдау дағдысын қалыптастыру; сөздің басында екпінді дауысты дыбысты айқындап көрсету; сөзден дыбысты айқындап көрсету, сөздегі соңғы және бірінші дыбысты анықтау; дыбысты белгілеу үшін арнайы белгілермен балаларды таныстыру (бейтарап түсті текшелер: ақшыл сары немесе сұр), сөздің фонематикалық (дыбыстық) құрылымының негізгі ерекшеліктерімен балаларды таныстыру;	
--	---	--

	Фонематикалық түсініктерін қалыптастыру: педагогпен берілген дыбыстарға сөздерді тандауына және іріктей алуына үйрету. Дыбыстарды интонациялық ерекшелеп белгілеу: созылыңқы айтуға келетін дыбыстардың айтылуына назарын аударту; ысқырық, ызың, үнді және басқалары, аталған дыбыстарды созылыңқы айтуға балаларды үйрету; дауыспен созып айтуға келмейтін дыбыстардың айтылуына назарын аударту; үзілмелі, еріндік. Кез-келген сапалы сипаттарды дыбысты ажыратуға мүмкіндік беретін, сөздердегі дыбыстарды интонациялық ерекшелеп белгілеуінің жалпылама тәсіліне балаларды үйрету; балаларға қолжетімді кішігірім таппақ диалогтарын, арнайы ойындар, хормен жүру арқылы сөйлеу тілін интонациялы бейнелеу, еркін мәнерлеп сөйлеу, дауысты модульдеудің шығармашылық бастамашылықтың дамыту.	
Дыбыстап айту (аптасына 1 рет)	Сөйлеу тіліндегі неготивизмді жою: баламен эмоционалды қатынас орнату; баланы бірлескен әрекетке тарту және өзара әрекеттену дағдысын қалыптастыру. Баланы өз күшіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Ойын әрекетіне деген қызығушылықты және ойынға қатыса білуді қалыптастыру; артикуляция мүшелерін дамыту. Еркін есту арқылы қабылдауды және зейінді қалыптастыру: сөйлеу тілдік емес дыбыстарға назар аудару; зейінін дыбысқа шоғырландыру; дыбыстың шығу көзін анықтау; дыбысталуы бойынша қарама-қарсы сөйлеу тілдік емес дыбыстарды салыстыру, дыбысталуы бойынша жақын сөйлеу тілдік емес дыбыстарды салыстыру; дыбыстың шыққан көзін және оның бағытын анықтау; заттардың дыбысталу дәйектілігін есте сақтау; есту зейінін ауыстыра білуді, әрекетті сигналың ар түрлі дыбысталуына қарай орындау ікемділігін дамыту; 2 сигналың ішінен тұрмыстық шулы тани және ажырата білу ікемділігін дамыту; музыкалық аспаптың ақырын және қатты дыбысталуын жіктей білу; музыкалық аспаптардың дыбысталуы (жылдам-баяу) жіктей білу, музыкалық аспаптардың дыбысталуының басталуы мен аяқталуына деген әсерін бекіту. Фонематикалық қабылдауды дамыту: Фонематикалық қабылдауды дамыту: контраст принципі бойынша окшауланған дауысты дыбыстарды ажырату; артикуляциясы бойынша ұқсас окшауланған дауысты дыбыстарды тарды ажырату; дыбысталуы бойынша жақын буындарды ажырату, дыбысталуы бойынша ұқсас дыбыс еліктеулерді ажырату; екі буыннан құралған, дыбысталуы бойынша ұқсас сөздерді ажырату; басқа дауысты дыбыстар арасында дауысты дыбыстарды белгілеу. Жалпы және қол қимыл-қозғалысын дамыту процесінде қозғалыстың кинестетикалық және	«Кім үлкен, кім кіші», «Ал сенде не бар?», «Сөз ойлап тап» «Ненің дыбысы?» «Не қалай дыбыстайды?» Тіл ұстарту жаттығулары, Артикуляциялық жаттығулар.

кинетикалық негіздерін қалыптастыру: қалып праксисін дамыту (еліктеу бойынша); арнайы жаттығуларда қол қимылын дамыту: қысу, жазу, сілкілеу, қимыл амплитудасын арттыра отырып, бір-тіндеп қол басын бұлтау.

Артикуляция мүшелерін дамыту:

артикуляциялық аппараттың негізгі мүшелері туралы түсініктерді бекіту; артикуляциялық аппаратты еліктеу бойынша орындлатын артикуляциялық ойын жаттығуларын орындау процесінде дыбысты дұрыс айтуды қалыптастыруға дайындау; еліктеу бойынша мимикалық бұлтшық ет қимылын дамыту.

Артикуляциялық қимылдың кинестетикалық негізін қалыптастыру: ерін қалпы туралы түсінікті нақтылау, дауысты дыбыстардың артикуляциясындағы ерін қалпын анықтау, дыбыстарының артикуляциясындағы ерін қалпының өзгеруін анықтау; дыбыс туралы көру-есту түсініктерін тірек ете отырып, көтерілген және төмен түскен тіл ұшының қалпы туралы кинестетикалық түсінікті нақтылау, [а] дыбысын айтқан кездегі тіл ұшының қалпын анықтау, [д] дыбысын айтқан кездегі тіл ұшының қалпын анықтау; [ад] буынын айтқан кездегі тіл ұшының қалпының өзгеруін анықтау;

Артикуляциялық кокозғалыстардың кинетикалық негіздерін қалыптастыру: козғалыстың қажетті көлеміне бағытталған артикуляциялық моториканы дамыту бойынша статикалық жаттығуларды үйрету: ерінге арналған артикуляциялық жаттығулар, тілге арналған артикуляциялық жаттығулар; артикуляциялық аппарат мүшелерінің козғалмалылығын дамыту; логопедтің үлгісі бойынша артикуляциялық қалыптарды орындау.

Сөйлеу тынысын алға үйрету: физиологиялық дұрыс тыныс алуды қалыптастыру: еліктеу бойынша көкеттік кеуде-қабырғалық дұрыс тыныс алға үйрету (бақылау үшін баланың алақанын пайдалану);

ауыздық тыныс шығаруды дамыту. Мақсатты бағыттылған ауыздық тыныс алудың ұзақтығын дамыту, ауыздық және мұрындық жіктелген тыныс алуды шығару; бағытталған ауа ағынын қалыптастыру.

Дауыс күшін дамыту: ақырын және қатты дауысты пайдалана білуді дамыту; дауыс күшін өзгертуге үйрету, бір тыныс алғанда дауыс күшін ақырыннан қаттыға дейін өзгерту икемділігін бекіту.

Дыбыс айтуды қалыптастыру: дауысты дыбыстардың дұрыс айтылуын нақтылау. дауысты дыбыстар қатарын жеке, буында, сөзде, сөйлемде дауыс пен интонацияның әр түрлі күшімен қатты және ақырын айту икемділігін

	бекіту; әр түрлі фонетикалық жағдайларда ауыстырып, шатастырып алуы мүмкін дауысты дыбыстардың дұрыс айтылуын автоматтандыру және жіктеу; ерте онтогенездегі дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуды нақтылау: м, м', н, н', л, л', т, т', к, к', ф, ф', д, д', в, в', б, б', г, г', әр түрлі фонетикалық жағдайларда дауыссыз дыбыстардың дұрыс айтылуын автоматтандыру және жіктеу; жок немесе бұрмаланып айтылатын х, х', л', й, с, с', з, з', л дауыссыз дыбыстардың дұрыс артикуляциясын қалыптастыру, қойылған дыбыстардың дауыстылармен жеке, ашық буында, тұйық буында, бітеу буында, сөзде, сөйлемде тоғысуын автоматтандыру; түрлі фонетикалық жағдайларда дауыссыз дыбыстарды ажырату. Сөздің буындық құрылымын қалыптастыру: қарапайым менгерілген сөздердің қарқынның қабылдауға және шығаруға (бір мезгілде айту және шапалақтау) үйрету; буындардың үйлесуін әр түрлі екіпінде, интонацияда, дауыс күшінде айту; сөздерді бір мезгілде айта және шапалақтай отырып, таза айтуда берілген буындарды дыбыстауға үйрету; екі ашық буынан құралатын сөздердегі ырғақтық суретті дұрыс бере отырып, сөздің буындық құрамын қалыптастыру; үш ашық буынан құралатын сөздердегі ырғақтық суретті дұрыс бере отырып, сөздің буындық құрамын қалыптастыру; бір буынды сөздердегі ырғақтық сурет пен екіпінді буынды дұрыс айта отырып, сөздің буындық құрамын қалыптастыру. Фонематикалық талдау мен жинақтауға үйрету: сөз құрамынан басқындығы екіпінді дауысты дыбыстарды ажырату; сөздің соңында естілетін дауысты дыбысты ажырату; сөздің ортасына естілетін дауысты дыбысты ажырату; екі дауысты дыбыстан тұратын дыбыс қатарын талдау.	
Күтілетін нәтиже	Сөйлеуді дамыту: жалпылама мағынасы бар сөздерді қолданады; дербес сөйлеу тілінде жай және күрделі сөйлемдерді қолданады; қатыстық сын есімдерді жасай алады; сөйлеу атымында дауыс ырғағы бойынша сөйлемдерді ажыратады; үйрету: сұрау, лепті, хабарлау дауыс ырғақтары; жай және кейбір күрделі көмекші сөздерді қолданады; бірыңғай мүшелері бар сөйлемді құрастырып жаза алады; көрнекі материалдарға сүйене отыра сюжетті сурет бойынша хабарлы әңгімелерді, заттар және құбылыстар жайлы сипаттама және салыстырмалы әңгімелерді құрастырады және қайта айтып бере алады; сөйлеуді өз мағынасы және логикалық екіпінді бар, сөйлеу бөліктеріне бөле алады; кейіпкердің эмоционалдық күйін көрсете отыра, рөл бойынша оқылған шығарманың сюжетін ойнап бере алады. Жазу мен сауат ашу негіздері: «дыбыс», «сөз», «сөйлем» терминдері	

	жайлы алғашқы түсініктері бар: сөздерді буындарға бөле алады; қазақ тілінің екі негізгі тобының – дауысты және дауыссыз, айрықша, танымды сипаттары жайлы алғашқы түсініктері бар; ересек адамның көмегімен сөздерді дыбыстың ретін орната алады; белгілі дыбыстық құрылымдағы сөздердің және екі дыбысты сөз тіркестерінің дыбыстық талдауын жүргізе алады; сөздің және дыбыстың ақырын және қатты, жоғары және төмен дыбысталу ерекшеліктерін талдай алады; сөздердің және сөйлемдердің модельдерін (сызбаларын) кодланады және түсінеді; дыбыстарды көрсету үшін бейтарап және қызыл түсті текшелер арнайы белгілерді кодланады және түсінеді. Дыбыстап айту: дыбыстың шығу көзін анықтайды; дыбысталуы бойынша қарама-қайшы және жақын сөйлеу тілдік емес дыбыстарды салыстырады; есту зейінін қосады, ерекшелікті сигналдың әр түрлі дыбысталуына сәйкес орындайды; 2 сигналдың ішінен тұрмыстық шулы таниды және ажыратады; музыкалық аспаптардың ақырын және қатты дыбысталуын жіктейді; музыкалық аспаптардың дыбысталу қарқынын (жылдам-баяу) жіктейді; жеке дыбыстарды ажыратады; дыбысталуы бойынша жақын буындарды жіктейді; дыбысталуы бойынша ұқсас дыбысқа еліктеуді, сөздерді ажыратады; 1 дауысты дыбысты басқа дауысты дыбыстардың ішінен ерекшелейді; артикуляциялық аппараттың негізгі мүшелерін біледі; ерінге арналған жаттығуды орындайды; 13) тілге арналған жаттығуды орындайды; логонедтін үлгісі бойынша артикуляциялық жаттығу кешенін орындайды; мақсатты бағытталған ауыз арқылы ұзақ дем шығаруды орындайды; ақырын және қатты дауысты пайдалана біледі; дауысты дыбыстарды дұрыс айтады; ерте онтогенездің дауыссыз дыбыстарын дұрыс айтады; бір, екі, үш буынды сөздерде ырғақтық суретті шығарады.	
--	---	--